

«2022-2023 оқу жылының жазғы сессия қорытындылары және
оқу процесін жетілдіру жолдары туралы» бойынша
Ғылыми Кеңестің шешімі

«2022-2023 оқу жылының жазғы сессия қорытындылары және оқу процесін жетілдіру жолдары туралы» бойынша ақпарат тыңдалып, талқылап, анықталды:

– Бакалавриат, магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша күндізгі және жеделдетілген күндізгі оқу нысандары студенттерінің жазғы емтихан сессиясы университеттің білім беру бағдарламаларының академиялық күнтізбелеріне сәйкес белгіленген мерзімде өтті.

– Күндізгі нысандағы 1-3 курс білім алушыларының жалпы саны - 2565. Оның ішінде 1839 студент барлық пәндер бойынша сессияны сәтті тапсырды; 2 студент шетелде академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша оқиды; 517 студент академиялық кезеңде оқу бағдарламасын орындамады; оның ішінде 186 студент қорытынды аралық рейтинг бойынша жіберілмеді; 341 білім алушы «Ғ-қанағаттанарлықсыз» (қайта тапсыру құқығынсыз) бағасын алды;

– Абсолютті үлгерім 79,2% құрады; білім сапасы - 53,9%.

– ТжКБ негізінде ҚБТ бойынша оқитын студенттердің емтихан сессиясына 2 курстың 77 студенті қатысты. Оның ішінде жазғы семестрге 2 жыл ішінде оқу қорытындысы бойынша 31 студент қалды.

– Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша 355 адам оқиды. ҒПБ магистратурасында және бейіндік бағыттардағы үлгерім – 88,4%; білім сапасы – 75,4%; докторантурада – 100%.

«2022-2023 оқу жылының жазғы сессия қорытындылары және оқу процесін жетілдіру жолдары туралы» мәселе бойынша Ғылыми Кеңес шешімі:

1. Білім берудің барлық нысандары мен деңгейлеріндегі білімгерлермен Академиялық адалдық қағидаттарын қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізу (*жауапты* – жоғары мектеп декандары, тіркеу офисі; *орындалу мерзімі* – тұрақты).

2. Бакалавриат және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша емтихандардың барлық нысандары бойынша емтихан материалын әзірлеу сапасын қамтамасыз ету (*жауапты* – академиялық комитеттер; *орындалу мерзімі* – 01.12.2023 ж.).

3. Білім берудің барлық нысандары мен деңгейлері бойынша білім алушылардың білімін ағымдағы және аралық бақылау үшін тапсырмаларды әзірлеу сапасын қамтамасыз ету (*жауапты* – білім беру бағдарламаларының жетекшілері; *орындалу мерзімі* – тұрақты).

Ғылыми Кеңес шешімдерінің орындалуын бақылау академиялық мәселелер жөніндегі проректор Б. Таубаевқа жүктелсін.

Ғылыми Кеңестің Төрағасы

Ғалым хатшы



Қ. Баймырзаев

Н. Байғабатова